

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



2022 ЖЫЛ

**«ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚ-НЫҢ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

МАЗМҰНЫ

АЛҚАЛЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫ.....	3
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОРПУСЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ.....	4
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	6
Сабақтарды өткізу сапасы.....	6
Халықаралық сертификаттауға дайындық.....	7
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ.....	8
Біліктілікті арттыру курстарына әдістемелік қолдау.....	10
Педагогтердің қызметін курстан кейін қолдау.....	11
Әдістемелік әдебиет.....	12
«Педагог» кәсіби стандартын түсіндіру.....	14
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ.....	14
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	18
ӨРЛЕУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ.....	19
ӨРЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ЖАРИЯЛАУ.....	22
ӨРЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ.....	23
ДАМУ КӨРІНІСІ.....	24



2022 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ (бұдан әрі – Өрлеу) Қазақстан педагогтерінің педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруды және өз қызметіне инновациялық тәсілдерді дамытуды жалғастырды.

АКҚАЛЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫ



2021 жылғы қыркүйекте педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының сапасын, үздіксіз кәсіби дамытудың басқа да нысандарын қамтамасыз ету және Өрлеу миссиясы мен құндылықтарын ілгерілету мақсатында құрылған Академиялық кеңес табысты жұмыс істеп келеді. Академиялық кеңес алты комитеттің жұмысын үйлестіреді:

- 1) Білім беру бағдарламалар комитеті,
- 2) Академиялық сапа комитеті,
- 3) Мониторингтік зерттеулер комитеті,
- 4) Педагогтердің қызметіне курстан кейін қолдау көрсету жөніндегі комитет,
- 5) Зерттеу және академиялық этика комитеті,
- 6) Кадрлар комитеті.

Педагогтердің біліктілігін арттыру кезеңінің бес жылда бір реттен үш жылда бір ретке өзгеруі және Өрлеудің білім беру бағдарламалар тізбесінің кеңейтілуі, сондай-ақ оқытушылар санының артуы курстардың штаттық және шақырылған оқытушыларының кәсіби деңгейіне қойылатын талап пен тәсілдерді әзірлеуіне жауапты болатын Кадрлар комитетін құру қажеттілігін туғызды.

Комитеттер білім беру бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және мониторинг жүргізу деңгейінде сапаны қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің қызметіне курстан кейін қолдау көрсету, оқыту мен зерттеу этикасының нормаларын сақтау бойынша маңызды жұмыс жүргізеді.

Академиялық кеңес шешімдерінің алқалылығы келесі мәселелермен қамтамасыз етіледі:

1) кеңес құрамына кеңес отырыстарының материалдарын талқылау, шешім қабылдау үшін әр филиалдан оқытушы қатысады;

2) Комитеттердің қызметіне барлық филиалдардың қызметкерлері қатысады;

3) филиалдардың оқытушылары мен қызметкерлері Өрлеу қызметінің белгілі бір саласын елеулі зерделеу мен талдауды, оны ұйымдастыруды жақсарту жөнінде тұжырымдар мен сындарлы ұсыныстар дайындауды талап ететін мәселелер бойынша материалдар дайындайтын жұмыс комиссияларының құрамына кіреді.

Осылайша, Академиялық кеңес барлық оқытушы мен жұмыскерлерге өз пікірлерін білдіруге және ұйымның шешім қабылдау үдерісіне қатысуға мүмкіндік беретін орган болып табылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОРПУСЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ



Педагогтердің біліктілігін арттыру және үздіксіз кәсіби дамыту бойынша ұлттық білім беру күн тәртібін іске асыру Өрлеу қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

2022 жылы білім беру ұйымдарының **81 806 педагогі** мен басшысының, соның ішінде қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарында мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының **7 600 педагогі** мен орта білім беру ұйымдары **74 206 педагогінің** біліктілігін арттыру жоспарланды.

Өрлеу филиалдарындағы қысқа мерзімді курстарда білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру мемлекеттік тапсырмаға сәйкес 007, 008 бюджеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады.

2022 жылы мемлекеттік тапсырма шеңберінде **81 806 басшы мен педагогті** қамтитын **3 121 қысқа** мерзімді курс өткізілді. Ауылдық аймақтардан **47 735 педагог** (58,4%) қысқа мерзімді курстарда біліктілігін арттырды, мемлекеттік тілде — **56 822** (69,5%), орыс тілінде — **16 119** (19,7%), ағылшын тілінде — **8 790** (10,7%), ана тілінде (ұйғыр, өзбек) — **75** (0,1%) педагог оқытылды.

2022 жылы **008 бюджеттік бағдарлама** бойынша барлығы **74 206 педагогті** қамтитын **2 830 курс** өткізілді, оның ішінде: **80 академиялық сағат** көлемімен орта білім беру ұйымдарының **73 331 педагогіне** арналған **2 795 курс**, 72 академиялық сағат көлемімен — білім беру робототехникасы және 3D модельдеу бойынша орта және қосымша білім беру ұйымдарының 875 педагогіне арналған **35 курс** өткізілді (1, 2-қосымшалар).

007 бюджеттік бағдарлама шеңберінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан 7 600 адам өтті, соның ішінде:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының басшылары (меңгерушілері), әдіскерлері, мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері (АКТ) — **24 курс** (72 сағаттық), **600 адам**;

- мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, тәрбиешілері (ойын құзыреттері) - **267 курс** (72-сағаттық), **7 000 адам** (3-қосымша).

Жекеменшік білім беру ұйымдарының республикалық қауымдастығымен жасалған Ынтымақтастық туралы меморандум негізінде 2022 жылы «Өрлеу» БАҰО» АҚ мектепке дейінгі және орта білім беретін жекеменшік білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне арналған 22 біліктілікті арттыру курсын ұйымдастырды және өткізді, атап айтқанда:

- мектепке дейінгі білім беру бойынша — **240 тыңдаушыны** қамтитын 10 курс;

- орта білім беру бойынша — **704 тыңдаушыны** қамтитын 28 курс (4-қосымша).

Бұл бастама кәсіби байланыстарды кеңейтіп, Өрлеудің жекеменшік білім беру ұйымдарымен өзара байланысын сапалы түрде жақсартуға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға мүмкіндік берді.

2022 жылы «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық практикадан өтуге дайындық» семинарының бағдарламасы бойынша алты ЖОО-ның 3-4 курстардың **3 111 студенті** оқытылды (5-қосымша). Бағдарламаның негізгі мақсаты: студенттердің білімі мен дағдыларын өзектендіру және жүйелеу, сондай-ақ оларды нақты педагогикалық қызмет шеңберінде тәжірибеге бағытталған міндеттерді шешу негізінде тереңдету. Бағдарлама мазмұнының ерекшелігі: мазмұны екі бағдарламаның симбиозын көрсететін тақырыптар тізбегі: ҚР-ның орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогтердің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары және біліктілікті арттыру курстары.

British Council ұйымымен пилоттық жобаны іске асыру кезінде 2021 жылғы 4 қазан және 2022 жылғы 18 наурыз аралығында ағылшын тілі пәнінің 2000 мұғалімі тегін онлайн оқытудан өтті. Бұл ынтымақтастық 2022 жылдың екінші жартысында да жалғасты: 17 қазан мен 30 желтоқсан аралығында Future English Online Teacher Community бағдарламасы бойынша кәсіби құзыреттілікті дамыту мақсатында ағылшын тілі пәнінің **1 200 мұғалімі** қосымша оқытылды.

Ағылшын тілі бағдарламаларының АҚШ Елшілігіндегі Өңірлік кеңсесімен ынтымақтастық шеңберінде бірлесіп әзірленген екі бағдарлама бойынша **110 педагог** оқытылды (оның 60-ы «Арнайы білім беру ұйымдарының ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру» курсы және 50-і «Ағылшын тілінде заманауи білім беру сапасын арттыру үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» бағдарламасы бойынша).

Bilim Media Group ұйымымен ынтымақтастық нәтижесінде педагогтерге «Bilim» мобильді қосымшасында бейсинхронды курстар ұсынылды. Оқыту сапасы үш деңгейде бағалаумен қамтамасыз етіледі: (1) оқу барысында әр сабақ аяқталғаннан кейін интерактивті тапсырмалар нысанында; (2) курс аяқталғаннан кейін «Bilim» қосымшасында курс тыңдаушысы қорытынды тестілеуден өтеді; (3) тестілеуден сәтті өткен тыңдаушылар күндізгі нысанда Өрлеу филиалдарының базасында бағалаудан өтеді. Осылайша, 2022 жылғы маусым және желтоқсан аралығында «Bilim» қосымшасында **447 педагог** оқытылды, оның **186-сы** «Bilim» қосымшасында тестілеуден сәтті өтті, **19-ы** Өрлеу базасында қорытынды бағалауға жіберілді.

Білім алушыларға кәсіптік бағдар беру қазіргі заманғы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан 2022 жылы орта білім беру ұйымына педагог-кәсіптік бағдар беруші¹ лауазымы енгізілді. Өрлеу мен «BTS Education» ЖШС арасында педагог-кәсіптік бағдар берушілердің біліктілігін арттыру курсын бірлесіп әзірлеу және Павлодар облысы мектептерінің педагогтеріне арналған оқыту курстарын өткізу туралы келісім жасалды. 2022 жылғы 19 қыркүйек пен 28 қазан аралығында **338 педагог** сұранысқа ие мамандықтарға траектория құру жүйесін қолдану бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті және оқушыларды кәсіптік бағдарлауда өз құзыреттерін дамытты.

САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУ САПАСЫ

Стратегиялық даму жоспарымен, Академиялық сапа комитеті туралы ережемен, Оқытушылық қызметтің сапасын қамтамасыз ету туралы ережемен, Сабақтарды өткізу сапасын модерациялау қағидаларымен, Өрлеу ПОҚ оқытушылық қызметінің сапасын бағалау жөніндегі сарапшының кәсіби әдеп кодексімен реттелетін Академиялық сапа комитеті мен филиалдарының қызметі арқылы сабақтарды өткізу сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасып келеді. Оқытушылық қызметтің сапасына Өрлеу филиалдары мен Академиялық сапа комитеті келесі бағыттарды іске асыру арқылы қол жеткізеді:

- Өрлеу филиалдарында оқытушылық қызмет сапасын басқару, қамтамасыз ету және жақсарту бойынша бірыңғай тетікті әзірлеу;

¹Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы

- тұрақты жұмыс істейтін сараптау тобын құру және оның қызметін ұйымдастыру;
- білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету бойынша ПОҚ қызметін үйлестіру;
- ПОҚ кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру.

Өрлеу оқытушылық қызметінің сапасын басқару, қамтамасыз ету және жақсарту бойынша бірыңғай тетік ішкі және сыртқы деңгейлерде іске асырылады. Сабақтардың сапасы олардың филиалдар ішінде болуы, кері байланыс беру және оқытуды жақсарту бойынша ұсынымдармен алқалы жұмыс жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Сыртқы деңгейде сапаны қамтамасыз етуді Өрлеу Орталық аппаратының қызметкерлері, сыртқы бақылаушылар, сондай-ақ Академиялық сапа комитеті сараптау топтарының филиаларалық қызметі және ПОҚ оқытушылық қызметінің сапасын арттыру бойынша қызметті үйлестіру арқылы жүзеге асырады.

Оқытушылық қызметтің сапасын талдау және бағалау нәтижесінде мәселелік аймақтар анықталады, сондай-ақ үздік оқыту тәжірибелері мен ғылыми-әдістемелік және педагогикалық тәжірибелер анықталады. Осылайша, жоғары оқыту деңгейімен топқа кіретін оқытушылар ашық сабақтар, мастер-класстар өткізеді, жалпылау және тарату үшін дербес педагогикалық тәжірибемен бөліседі.

2022 жылы Комитеттің сараптау тобының 32 мүшесі филиалдардың ПОҚ-ның 353 сабағына қатысты (97,8%) және оқытушыларға кері байланыс берді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

2022 жылғы тамызда Өрлеу ACQUIN аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының халықаралық институционалдық аккредиттеуінен өтуге кірісті. Халықаралық сертификаттауға дайындық шеңберінде ACQUIN Халықаралық институционалдық аккредиттеу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес барлық стандарттар бойынша жұмыс топтары құрылды, Өрлеу өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп ACQUIN сарапшыларына жіберілді және есеп пен есеп қосымшалары бойынша кері байланыс алынды. 2023 жылы есепті құжаттаманы ағылшын тіліне аудару, Өрлеу қызметкерлерімен және барлық мүдделі тараптармен сарапшылардың онлайн сұхбатын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарлануда. Халықаралық сертификаттау рәсімінен өту нәтижелері 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының соңында белгілі болады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ



2022 жылы Өрлеудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік қолдау жөніндегі қызметі бекітілген жоспарға және келесі міндеттерге сәйкес іске асырылды:

- білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіру арқылы білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;
- педагогтерді курстан кейінгі қолдауды іске асыру бойынша филиалдарда әдістемелік қызметті бақылау;
- білім беру бағдарламаларын іске асыруды әдістемелік қолдау, филиалдардың әдістемелік жұмысын үйлестіру;
- әдістемелік басылымдарды әзірлеу және баспаға шығару қызметін үйлестіру.

Есепті кезеңде филиалдардың ПОҚ-ы 79 білім беру бағдарламасын әзірледі және қолданыстағы 110 бағдарламаны жаңартты. Барлық білім беру бағдарламалары электрондық ресурстар қорын толықтыратын оқу-әдістемелік кешендермен (бұдан әрі – ОӘК) сүйемелденеді. Әзірленген ОӘК-нің ерекшелігі - олар «4С моделі» әдістемесі бойынша әзірленген (оқыту міндеттері, ілеспе және уақтылы ақпарат, ішінара практика, мәселеге бағдарланған оқыту).

Пәндік бағыттар бойынша жаңа білім беру бағдарламалары (44 бағдарлама), бірінші кезекте, тыңдаушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамытуға, сараланған тапсырмалар дайындауға және бағалауға назар аудара отырып әзірленді. Пәндік бағыттар бойынша бағдарламаларды әзірлеу кезінде педагогикалық дизайн қағидаты да, кері дизайн қағидаты да ерекше маңызды болды, ал курстардың мақсаттары өлшенетін нәтижелерге сәйкес келді. Бұл бағдарламалардың құрылуы Edcrunch Academy сертификатталған жаттықтырушыларының бақылауымен Өрлеу үздік оқытушыларының қатысуымен өтті.

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымымен (бұдан әрі – ЮНЕСКО) ынтымақтастық нәтижесінде «Орнықты даму мақсатында білім беру» атты 80 сағаттық жаңа бағдарлама әзірленді. Бағдарламаны Өрлеу оқытушылары мен әдіскерлер тобы ЮНЕСКО ұйымдастырған тренингке қатысқаннан кейін дайындады. Курс тақырыптар мен жекелеген жаттығуларды пәндер бойынша оқу бағдарламасына интеграциялау арқылы орта мектептің білім беру процесіне орнықты даму тұжырымдамасының идеяларын енгізу бойынша кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға, сондай-ақ жаһандық сын-қатерлер мен тез өзгермелі әлем

жағдайында сапалы білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін сыныптан тыс жұмыстарға бағытталды.

«Алматы Менеджмент Университеті» мен Өрлеу арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында «Жаңа мектеп: тиімді басқару командалары» атты өзекті білім беру бағдарламасы әзірленді. Осы бағдарлама бойынша оқыту жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларына педагогикалық ұжымның тиімді инновациялық қызметін ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға, тиімді басқару командасын құру және сыртқы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау үшін стратегиялық менеджмент пен көшбасшылық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

«Білім алушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру аспектісінде педагогтердің құзыреттерін дамыту» білім беру бағдарламасы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіптік бағдар беруді тиімді ұйымдастыру дағдыларын, кәсіптік бағдар беру жұмысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін іске асыру жөніндегі педагогтердің құзыреттерін дамытуға бағытталған. Оқу-тақырыптық жоспарға «Қазақстанның жаңа кәсіптері атласының» негізіндегі еңбек нарығының заманауи трендтері», «Кәсіптік бағдарлау жөніндегі консультанттың жұмысындағы коучинг құралдары», «Білім алушылардың кәсібін өзі анықтауы бойынша ата-аналармен жұмыс», «Мансапты жоспарлау» және т.б. сияқты тақырыптарды енгізу осы бағдарламаны педагогтердің кәсіби бағдарлау жұмысын іске асыру және болашақ кәсіби қызметті таңдау үдерісінде білім алушыларға қолдау көрсету бойынша құзыреттерін дамыту үшін сұранысқа ие.

Өрлеу Ағылшын тілі бағдарламаларының АҚШ Елшілігіндегі Өңірлік кеңсесімен ынтымақтастықты белсенді түрде жалғастырып келеді. Біліктілікті арттыру курстарының екі білім беру бағдарламасы әзірленді: «Арнайы білім беру ұйымдарының ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру» және «Ағылшын тілінде заманауи білім беру сапасын арттыру үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру». Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық сарапшы, тіл иелерімен бірлесіп жұмыс істеу барысында педагогтер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ағылшын тілінде оқыту стратегияларын қолдану және саралау дағдыларын, интерактивті әдістерді қолдану дағдыларын, сондай-ақ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың кешенді тәсілдерін жетілдірді.

Өңірлік кеңсемен бірлесіп әзірленген «Ағылшын тілінде заманауи білім беру сапасын арттыру үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» екінші бағдарламасы Түркістан облысы педагогтерінің кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Оқыту нәтижесінде мұғалімдер ағылшын тілін меңгеру деңгейін жақсартты, оқушыларға қолайлы оқу ортасын құру жолдарын, нейролингвистикалық теорияның заманауи аспектілерін пайдалану жолдары туралы білді. Өзіндік рефлексия процесінде мұғалімдер сөйлеу әрекетінің барлық дағдыларын қолдану тәжірибесін жақсартып қана қоймай, оқушылардың ағылшын тілі сабақтарында коммуникативті

дағдыларын дамытып, белсенді оқыту әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіргенін атап өтеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде Ойын қызметі арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша 14 білім беру бағдарламасы әзірленді. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне бірыңғай дидактикалық және әдістемелік материалдар: өзекті нормативтік-құқықтық құжаттар, әртүрлі ойын түрлерін өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар, балалар ойынын зерттеуге арналған диагностикалық құралдар жинақталған тыңдаушының портфелі ұсынылады. Кейстер білім беру бағдарламаларының ОӘК-інде келтірілген.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

Есепті кезеңде 97 342 педагогті, оның ішінде ауылдық жерлерден 50 502 педагогті қамтитын 1 311 курсаралық іс-шаралар (семинарлар, вебинарлар, байқаулар, дөңгелек үстелдер, тренингтер және т.б.) өткізілді. Өткізілген іс-шаралардың пәндік, тәжірибеге бағдарланған бағытын атап өткен жөн. Олардың барлығы инновациялық білім беру кеңістігін тереңдетуге және кеңейтуге, үздік тәжірибені таратуға және педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Мысалы, 2022 жылғы 19 ақпанда Павлодар облысы бойынша филиал оқытушылары Павлодар қаласының №39 мектебінің базасында «PISA, PIRLS халықаралық зерттеулер аспектісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру» семинарын өткізді, оған қала мектептерінің 100-ге жуық педагогі қатысты. Білім беруді дамытудың басымдықтарын түсіну және мәселелерді шешудің инновациялық тәжірибесін қалыптастыру үшін рефлексивті және бірлескен орта құру семинардың мақсаты болды. Сессия қорытындысы бойынша Өрлеу оқытушыларының үйлестіруімен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес сабақтарда функционалдық сауаттылықты (негізгі құзыреттіліктерді) қалыптастыруға бағытталған оқу тапсырмаларын жобалау бойынша шығармашылық топтар құрылды.

2022 жылғы 27 сәуірде Қарағанды облысы бойынша филиал оқытушылары А.Ермеков атындағы №103 мектеп-лицейінің базасында «Информатика сабақтарында жобалық қызмет білім алушыларда soft skills дамыту құралы ретінде» атты облыстық семинар ұйымдастырды. Семинар барысында оқытушылар «Cro Parametric бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен 3D-модельдеудің қарапайым әдістерімен практикалық танысу» және «Жобалық қызмет шеңберінде Arduino базасындағы робототехника» тақырыптарында семинарлар өткізді. Семинарда білім алушылардың пәндік және жұмсақ дағдыларын дамытуға бағытталған информатика сабақтарында жобалық қызметті ұйымдастыру мәселелері қаралды.

2022 жылғы 14-17 маусымда Қостанай облысы бойынша филиал педагогтар үшін ұйымдастырған «Өрлеу: мықты мамандар — лайықты болашақ» білім

беру форумы өтті. Форум жұмысына Қазақстанның көптеген облыстарынан, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қалмақия Республикасының Омбы, Краснодар, Тюмень облыстарынан 1000-нан астам педагог қатысты. Нақты уақыт режимінде пікірталасқа қатысушылар педагогті кәсіби дамыту үшін біліктілікті арттыру жүйесінің маңызын талқылады, педагогикалық журналистиканың білім беру қызметкерлерінің педагогикалық, ақпараттық мәдениеті мен кәсіби құзыреттілігін арттырудағы рөлін анықтады, сондай-ақ педагогтерді кәсіби дамыту мақсатында олардың шығармашылық бастамаларын дамыту және қолдау мәселелерін қарастырды. Шетелдік әріптестер педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың тиімді тәжірибелері туралы, соның ішінде жеке мұғалімге емес, бүкіл педагогикалық ұжымға арналған топтық модельдер ерекше танымал бола бастағаны туралы айтты. Сондай-ақ, сарапшылар білім беру бағытын дараландыру және әдістемелік желі қызметі жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту тәжірибесімен бөлісті. Форум жұмысын Қостанай облысының білім беру ұйымдары педагогтерінің робототехника бойынша үш тақырыптық бағыт: білім беру робототехникасы, робототехника бойынша ғылыми қызмет және жарыстық робототехника бейне материалдарын ұсынған «Orleu Robotics» виртуалды білім беру көрмесі аяқтады.

2022 жылғы 13-14 қыркүйекте Қарағанды облысы бойынша филиал облыстың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту үшін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану» семинарын ұйымдастырды. Семинар барысында педагогтер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін цифрлық білім беру ресурстары мен робототехниканы пайдалану бойынша «Бәйтерек» және «Алтын сақа» Қарағанды балабақшаларының тәжірибесімен танысты.

2022 жылғы 3 қарашада Павлодар облысы бойынша филиал Павлодар қаласының №11 ЖОББМ педагогикалық ұжымы үшін (50 педагог) «Мектепте жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру» оқыту семинарын өткізді. Семинар 2022-2023 оқу жылына арналған корпоративтік оқыту шеңберінде үздіксіз білім беру университетінде «Жобалау-зерттеу қызметі тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру факторы ретінде» тақырыбы бойынша бірлескен зерттеу семинарларының жоспары бойынша өткізілді. Семинарда педагогтер «45 минут сабақта зерттеуді қалай ұйымдастыруға болады» тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Топтарда өзара іс-қимыл жасай отырып, мұғалімдер іс жүзінде зерттеу жобасындағы жұмыс кезеңдерін талдап, гипотеза, мақсат, міндеттер мен күтілетін нәтижелерді әзірледі.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІН ҚОЛДАУ

2022 жылы педагогтердің қызметін курстан кейін қолдау екі бағыт бойынша жүргізілді: жалпы сипаттағы әдістемелік-педагогикалық іс-шаралар

(дәстүрлі тәсіл) және Lesson Study әдісі (Сабақты зерттеу) (инновациялық тәсіл). Дәстүрлі форматта курстан кейінгі қолдау бойынша филиалдармен 62683 педагог, оның ішінде ауылдық жерлерден 38 637 педагог қамтылған 1 841 іс-шара (семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, конференциялар, сабақтарға қатысу және т. б.) өткізілді.

2022 жылғы сәуірде Lesson Study (Сабақты зерттеу) әдісі негізінде курстан кейінгі қолдаудың жаңа моделінің пилоттық жобасы іске қосылды. Көкшетау қаласында курстан кейінгі қолдаудың жаңа моделін сынақтан өткізу кезінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған семинар-тренинг өткізілді. Тыңдаушыларға сабақты зерттеудің барлық кезеңдері көрсетілді, содан кейін пилоттық жобаға қатысушылардың екі тобы өз мектептерінде сабаққа зерттеу жүргізді.

Курстан кейінгі қолдау нысаны ретінде Lesson Study әдісін қолданудың тиімділігі туралы сапалы зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері 2022 жылғы қыркүйекте Куала-Лумпур қаласында (Малайзия) өткен Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығының (World Association of Lesson Studies-WALS) конференциясында ұсынылды. Бұл конференция Lesson Study сарапшыларымен өзекті зерттеулерді талқылауға, тәжірибе алмасуға, Өрлеу курстары тыңдаушыларын курстан кейінгі қолдау нысаны ретінде Lesson Study әдістемесін одан әрі енгізуге ықпал ететін үздік халықаралық тәжірибелермен танысуға тамаша мүмкіндік берді.

<https://forum.orleu-edu.kz/> платформасында виртуалды қоғамдастықты ұйымдастыру бөлігінде пилоттық жоба жалғасып келеді, бұнда Ақмола филиалының екі пилоттық тобының тыңдаушылары тіркелген; оқытушылар курстан кейінгі әдістемелік және кәсіби қолдауды платформада ұйымдастырады, тыңдаушылар Lesson Study өткізуде тәжірибе алмасады және дерекқорын толтырады.

2023 жылы Өрлеуде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп жатқан барлық педагогтер үшін курстан кейінгі қолдаудың жаңа моделін масштабтау жоспарлануда.

ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТ

Тақырыптық жоспарға сәйкес Өрлеу және оның филиалдары 2022 жылы әдістемелік әдебиеттің 84 атауын (құралдар, ұсынымдар, нұсқаулықтар, жинақтар және т.б.) шығарды. Барлық әдістемелік әдебиеттер мұғалімдерге оқу сабақтарын, сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларды өткізуге көмектесу үшін әзірленеді. Әдістемелік құралмен, нұсқаулықпен немесе ұсынымдармен жұмыс істеудің алғашқы қадамы шығарылатын әдістемелік басылымдардың сапасын жақсарту мақсатында ғылыми әзірлемелер мен әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу болып табылады. Бұл тәсіл жоғары сапалы және өзекті оқу-әдістемелік материалды таңдауды реттейді.

2021 жылы жүргізілген ҚР 10 мыңнан астам жас педагог сауалнамасы бастаушы педагогтердің 68%-ы кәсіптік білім беру кеңістігіне кіруге дайын екенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері негізінде «Білім беру ұйымдарының жас педагогтеріне арналған Handbook» жас педагогқа кәсіби қолдау көрсету үшін нұсқаулық әзірлеу туралы шешім қабылданды. Жас мұғалімдерге арналған нұсқаулықтан басқа, «Тәлімгерлік — жас мұғалімнің кәсіби қалыптасу құралы» педагог-тәлімгерлерге арналған әдістемелік ұсыныстар әзірленді, өйткені мамандыққа кіріспенің тағы бір негізгі мәселесі жұмыс орнында жүйелі көмек көрсету үшін жас мұғалімге тәлімгерді бекіту болуы мүмкін.

Тәлімгерлік² туралы бұйрыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс шеңберінде тәлімгерлік қызмет бойынша ұғымдар тізімі кеңейтілді, білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібі толықтырылды және нақтыланды. Сонымен қатар, әкімшілік қызметкерлердің, тәлімгерлер мен педагог-тағылымдамашылардың функционалдық міндеттері нақты сипатталған, тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар толықтырылған. Қадамдық нұсқаулықтармен және жас мұғалімдер мен тәлімгерлердің сабаққа қатысуға дайын үлгілермен «Педагог мамандығына кіріспе бағдарламасына практикалық нұсқаулық» әзірленді.

Білім беру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрлігі арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғау бойынша жоспарлы іс-шараларды іске асыруда; сонымен бірге педагогтерде инклюзивті практиканы енгізу және дамыту бойынша көптеген мәселелер қалады. «Жалпы білім беретін мектепте психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарын іске асыру»

әдістемелік ұсынымдары инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындыларының ерекшеліктерін ашады және жалпы білім беретін мектепте психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарын іске асыру тетіктерін ұсынады.

Өзінің үздіксіз кәсіби дамуын басқару және оның нәтижелілігін бақылау үшін мұғалімдерге кәсіби дамудың мәні туралы құрылымдық идеялардың болуы маңызды. «Білім беру теңсіздігін азайту үшін ауыл мектептері мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуы» монографиясы тәжірибеге бағдарланған сипатқа ие және «педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша педагогтер мен білім алушыларға, біліктілікті арттыру жүйесінің мамандарына, әдістемелік орталықтарға (кабинеттерге), білім бөлімдеріне, сондай-ақ ауыл мектептерінің басшыларына арналған.

²Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы

«ПЕДАГОГ» КӘСІБИ СТАНДАРТЫН ТҮСІНДІРУ

Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Педагог» кәсіби стандартының жобасын әзірледі. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитетінің тапсырмасы бойынша 2022 жылғы қазанда Өрлеу мамандары «Педагог» кәсіби стандартының мазмұны бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізді. Өрлеу сарапшылары жаңа стандарттың алдыңғы стандарттан айырмашылығына тоқталып, құжаттың негізгі ережелерін ұсынды. Кездесулердің үлкен үлесі «еркін микрофон» форматында өткізілді, онда кез келген адам қажет сұрауалын қоя алады. Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің өлшемдері мен индикаторлары қарастырылып, кәсіби стандарттың мазмұнын жақсарту бойынша идеялар ұсынылды. Кәсіби стандартты сындарлы талқылау негізінде педагогикалық қоғам педагогтердің белгілі бір құзыреттерін нақтылауды және кәсіптердің карталарын, атап айтқанда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мектеп психологтарына және т. б. әзірлеуді ұсынды.

Өрлеу бойынша барлығы 364 іс-шара өткізілді, оның ішінде 139 вебинар, 225 ақпараттық сағат (офлайн). Іс-шараға 46 119 педагог пен маман, оның ішінде білім басқармаларының мамандары, БСБД, педагог кадрларды даярлауды жүргізетін ЖОО өкілдері, Өрлеу филиалдарының әкімшілігі мен оқытушылары, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтері, облыстық, қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттердің мамандары қатысты. Өрлеу қабырғасында кәсіби стандартты талқылаудан басқа, республика педагогтерінің 70%-дан астамын қамти отырып, білім беру ұйымдарында бірлескен іс-шаралар өткізілді.

Сондай-ақ, Facebook, Instagram, теледидар және бұқаралық ақпарат құралдарындағы филиалдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында кәсіби стандарттың мазмұнын жариялау қамтамасыз етілді.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ



2021 жылдың екінші жартысынан бастап әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігіне айналды. Мұғалімдердің қажеттіліктерін анықтауға, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жаңартуға, сондай-ақ олардың тиімділігіне мониторинг жүргізуге ғылыми көзқарас бірқатар тәжірибелердің өзгеруіне әкелді.

Мысалы, пәндік бағыттар бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу алдында орта мектеп мұғалімдерінің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау үшін ауқымды зерттеу жүргізілді. Фокус-топтарды өткізу барысында мыңға жуық педагог оқытылатын пән бағдарламасының белгілі бір тақырыптары туралы айтып берді, білім алушыларға олардың түсінуі және/немесе оларды түсіндіру үшін аса күрделі болып табылады. Әр пән бойынша ең күрделі тақырыптар жиынтығы тақырыптық талдау мен сараптамалық валидацияның нәтижесі болды. Бұл тақырыптар жиынтығы сауалнаманың негізін құрады, оған бүкіл ел бойынша 19 376 педагог қатысты.

Нәтижесінде әр пән бойынша 44 білім беру бағдарламасын әзірлеуге негіз болған 30 тақырыптың соңғы тізімі анықталды. Әрі қарай, жаңа бағдарламалардың тиімділігін талдау үшін квази-эксперименттік әдіс қолданылды, оның барысында тестілеу түрінде бағдарламаға кіре берісте және оның соңында білімді өлшеу жүргізілді. Пәндік курстардың нәтижелілігін талдау пәндік білімнің орта есеппен 26% - ға өскенін көрсетті, ал ең үлкен өсім (53%-ға дейін) бағдарлама кірісінде ең аз білім деңгейі бар мұғалімдер көрсетті. Пәндер бойынша білімнің ең көп артуы информатика, жаратылыстану және физика пәндерінің мұғалімдерінде тіркелді (6-қосымша).

Өрлеу Томас Гаскидің моделіне³ негізделген педагогтерді кәсіби дамыту бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың жаңа көп деңгейлі жүйесіне көшуде. Т.Гаскидің айтуынша, мұғалімдердің тиімді кәсіби дамуының жетекші қағидаттары оқыту мен білім алушыларға назар аудару, жеке және институционалдық өзгерістерге баса назар аудару, мәселенің кең көзқарасы мен процестің үздіксіздігі кезінде шағын өзгерістерді енгізу болып табылады.

2022 жылы модельдің екі компоненті іске қосылды. Бірінші компонент — тыңдаушылардың бағдарлама мазмұны мен оқыту сапасына қанағаттығы. Тыңдаушылардың қанағаттығын зерттеу үшін бағдарлама сапасының әртүрлі аспектілеріне қатысты мәлімдеме түріндегі сұрақтардан тұратын алдын ала әзірленген сұрау бойынша сауалнама қолданылады. Мысалы, тыңдаушылар оқытудың тиімді өткендігін, алған білімін іс жүзінде қолданатынын және оқытудың ыңғайлы жағдайда өтетінін көрсетеді. Сонымен қатар, сауалнамаларда тыңдаушылар бағдарламалардың сапасын жақсарту бойынша өз пікірлерімен және ұсыныстарымен бөлісе алатын ашық сұрақтар бар.

Тиімділікті бағалаудың екінші компоненті — тыңдаушылардың материалды меңгеруі, яғни тыңдаушылардың оқу кезінде алған білімі мен дағдыларын бағалау. Ол үшін бағалаудың әртүрлі әдістері қолданылады, олар оқытудың мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне сүйене отырып таңдалады, сондықтан білім беру бағдарламаларының авторлары оқу-әдістемелік кешеннің барлық басқа компоненттерімен бір уақытта әзірлейді.

³Guskey, T. R. (2000). Evaluating professional development. Corwin Press

Бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнына байланысты бағалау тест, топтық немесе жеке жоба, көрсету сабағы немесе рефлексиялық эссе форматында жүргізілуі мүмкін.

Болашақта Өрлеу сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып, таңдалған бірқатар бағдарламаларда модельдің қалған үш компонентін (институционалдық қолдау; тыңдаушылардың оқу процесінде игерген немесе дамытқан құзыреттерді практикалық қолдануы; білім алушылардың нәтижелері) сынақтан өткізуі керек. Барлық компоненттерді іске асыру бағдарламалардың тиімділігін дәлірек және жан-жақты бағалауға және ғылыми тәсіл негізінде ағымдағы және жаңа білім беру бағдарламаларын жаңартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл модель білім беру бағдарламаларының педагогтердің кәсіби дамуының білім алушылардың жетістіктеріне бағдарлану қағидатына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін айқындау мақсатында 2022 жылғы қыркүйекте мектепке дейінгі, бастауыш, орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының педагогтеріне сауалнама жүргізілді, оған 45 мыңнан астам мұғалім қатысты. Сауалнама мұғалімнің жаңартылатын кәсіби стандартына негізделді, сонымен қатар оның дағдылары мен кәсіби дамудың әртүрлі салаларындағы қажеттіліктерін өзін-өзі бағалау блоктарын қамтыды. Сауалнама кәсіби және жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу және олардың кәсіби даму траекториясын жоспарлау саласындағы құзыреттерді дамытуға назар аудару қажеттілігін көрсетті. Кәсіби білім саласында математикалық сауаттылық стратегияларын қолдану және оқыту дағдыларын дамыту, әртүрлі тілдік және этникалық топтардағы балаларды оқыту және пәндік педагогиканы зерттеу қажет. Кәсіби тәжірибеде педагогтер білім алушылардың алдына қою дағдыларын дамытудың оқытудың күрделі мақсаттарын қоюдың және ата-аналарды білім беру процесіне тартудың маңызын атап өтті.

Өрлеу сарапшылары сыртқы ұйымдардың қатысуымен өткізілетін бірқатар зерттеу жобаларына жұмылдырылған. Мысалы, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің қолдауымен Өрлеу зерттеушілері Орталық Азия бойынша есептің бір бөлігі ретінде Қазақстандағы мұғалімдерге және олардың кәсіби дамуына қатысты саясаттың жай-күйі туралы Ұлттық талдамалық есепті жазуға қатысады. Есеп жүйедегі күшті және әлсіз тұстарын айқындайды және Орталық Азиядағы мұғалімдерге қатысты саясатты реформалауды қолдау үшін Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан зерттеушілері арасында білім алмасуды құрылымдайды. 2022 жылы есептің 2 тарауы: «Педагогикалық білім» және «Педагогтерді мамандыққа тарту» жазылды. Алдын ала нәтижелер 2022 жылғы қазанда Астана қаласында ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткен жұмыс семинарында ұсынылды.

Сондай-ақ, 2022 жылы Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен Өрлеу зерттеушілері кейс-стади форматында сапалы зерттеу жүргізді, оның мақсаты Қазақстан өңірлерінің бірінде білім алушылардың үлгерімінің төмен болу себептерін зерделеу болды. Зерттеудің тұжырымдамалық шеңбері ретінде ЭЫДҰ мектебінен кетудің факторлық жіктелуіне негізделген бейімделген экологиялық модель анықталды⁴. Ұсынылған жіктеу оқушылардың оқу үлгеріміндегі алшақтықтың пайда болуына әсер ететін факторлардың үш деңгейін анықтауға мүмкіндік берді: жеке, мектепшілік және жүйелік. Мектептер мен колледждердің білім алушыларымен және олардың ата-аналарымен, оқу орындарының әкімшілігі, мұғалімдері, психологтары және әлеуметтік қызметкерлерімен жеке сұхбаттар және топтық пікіралмасу арқылы жасөспірімдердің үлгерімінің нашарлығына байланысты сенімдер туралы сапалы деректер жиналды. Зерттеу нәтижелері үлгерімі төмен білім алушының әлеуметтік-экономикалық портретін қалыптастыруға және қай балалардың «тәуекел аймағында» екенін түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, нәтижелер үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу және олармен мектепте өзара әрекеттесу ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ олардың мектептен кейінгі білім беру траекториясына талдау жасауға мүмкіндік берді. Нәтижелер негізінде білім беру процесінің барлық мүдделі тараптарына қолдау көрсету үшін үлгерімі төмен оқушылармен мақсатты жұмыс бойынша ұсынымдар әзірленді⁵.

Зерттеудің аралық нәтижелері 2022 жылғы 15 тамызда Шымкент қаласындағы Өрлеу панельдік секциясында Педагогтердің республикалық тамыз конференциясы шеңберінде және 2022 жылғы 22 тамызда Ереван қаласында (Армения) European Conference on Educational Research (ECER) халықаралық конференциясы шеңберінде ұсынылды және сыналды⁶.

Өрлеу филиалдары 22 ғылыми-зерттеу жобасын, оның ішінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта 5 жобаны іске асыруда. Ғылыми-зерттеу жобалары педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, тәлімгерлік пен педагогикалық шеберлікті жақсартуға, мамандыққа кіріспе кезеңінде жас мұғалімдерді қолдауға, жаңартылған оқу бағдарламаларын тиімді іске асыруға, педагогтердің IT-құзыреттерін, олардың функционалдық сауаттылығы мен тарихи ойлауын, мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, инклюзивті білім беру мәселелеріне, сондай-ақ ауылдық шағын жинақты мектептердің білім беру мәселелерін зерделеуге бағытталған.

2022 жылы филиал қызметкерлері 351 мақала, оның ішінде 126-сы халықаралық басылымдарда жариялады. Оның ішінде 195 мақала ғылыми және ғылыми-әдістемелік журналдарда, 156 мақала конференциялар мен симпозиумдар жинағында жарияланды.

⁴Lyche, C. S. (2010). Taking on the completion challenge: A literature review on policies to prevent dropout and early school leaving.

⁵Тазабек Ш.О., Турсунбаева К.А., Щербачев А.А. (2022). Үлгерімі төмен білім алушылар: диагностика, қауіп факторлары, қолдау. Астана.

⁶https://eera-ecer.de/fileadmin/user_upload/Documents/ECER_Documents/ECER_2022_Yerevan_in_Person_final_per_page_very_last_2.pdf



2022 жылы Өрлеу Британдық кеңес, Еуропалық білім беру қоры, Ағылшын тілі бағдарламалары бойынша АҚШ Елшілігінің Өңірлік кеңсесі, Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО), Таллин университеті, EdCrunch Academy сияқты халықаралық серіктес ұйымдармен негізгі және басым бағыттар бойынша табысты ынтымақтастықты жалғастырды.

Маңызды серіктестермен бірлескен қызметтің нәтижелері келесідей болды:

1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ғылыми жобаларды іске асыру үшін халықаралық ұйымдарды тарту (Ағылшын тілі бағдарламалары бойынша АҚШ Елшілігінің Өңірлік кеңсесі, EdCrunch);

2. Дәрістер, вебинарлар, онлайн-конференциялар ұйымдастыру (Таллин университеті, EdCrunch);

3. Халықаралық конференциялар мен іс-шараларға қатысу (Британдық Кеңес, Lesson Study Дүниежүзілік қауымдастығы);

4. DARYA халықаралық жобасына қатысу (European Training Foundation жобасын іске қосу).

2022 жылы табысты ынтымақтастықтың бір мысалы Өрлеу ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің дарынды және табысты педагогикалық қызметкерлерін анықтау, олардың жұмыс тәжірибесін халықаралық деңгейде тарату, жаһандық ауқымда білім берудің құндылықтары мен басымдықтарын айқындау мақсатындағы II Халықаралық педагогикалық шеберлік фестивалі шеңберінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің білім беруді басқарудың мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл болды. Фестивальдің қазылар алқасының құрамына Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының және Қазақстан Республикасының өкілдері, білім беруді басқару органдарының басшылары, ғалым-педагогтері мен педагог-практиктері кірді. Күндізгі кезең қорытындысы бойынша жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдар табысталды. Күндізгі кезеңнің қалған қатысушылары фестиваль қатысушысының дипломдарымен марапатталды.

2022 жылғы маусымда Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда және Өзбекстанда алдағы бес жыл ішінде әрекет ететін DARYA халықаралық жобасы бастамашылық етті. Бұл Еуропалық Одақ қаржыландыратын алғашқы жоба, ол толығымен Орталық Азиядағы жастар үшін инклюзивті және еңбек нарығына сәйкес дағдыларды дамыту мүмкіндіктерін қолдайтын шараларға бағытталған. Жобаны Италияда орналасқан Еуропалық Одақтың мамандандырылған агенттігі - Еуропалық білім беру қоры (ЕБҚ) жүзеге асырады. 2022 жылғы қарашада Өрлеу қызметкерлері DARYA жобасын іске қосу жөніндегі конференцияға қатысып, жобаны 2023-2027 жылдары іске асыру жөніндегі міндеттерді айқындады.



Еліміздің педагогикалық кадрларын кәсіби дамытумен айналыса отырып, Өрлеу өз қызметкерлері мен ПОҚ-ның кәсіби құзыреттерін дамытуға ұмтылады. 2022 жылы штаттық ПОҚ-ның 97%-ы білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша, Edcrunch Academy-де мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерін кәсіптік даярлаудың жаңа технологиялары бойынша оқытудан өтті, 87%-ы Ы.Алтынсарин атындағы КЕАҚ-дан жаһандық құзыреттер бойынша онлайн семинарға, 64%-ы Таллин университеті ұсынған онлайн семинарға, 22%-ы UNESCO желісі бойынша, сондай-ақ 4%-ы оқытушы Тарту университетінің Нарва колледжінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша төрт айлық тағылымдамадан өтті.

2022 жылғың мамырда Өрлеу филиалдары мен орталық аппаратының қызметкерлері Таллин университетінің (Эстония) «Педагогтердің кәсіби дамуы: білім беру бағдарламасын жоспарлаудан сыныптағы тәжірибені өзгертуге дейін» тақырыбында екі күндік онлайн семинарға қатысты. Семинарға қатысушылар Эстонияның білім беру жүйесімен, кәсіби қызметінің сипаттамаларымен және педагогтерді даярлау қағидаттарымен, сондай-ақ Эстонияның білім беру моделінің негізгі қасиеттерімен танысты. Семинар жүргізушілері педагогикалық психология, андрагогика және гибриді оқыту бойынша тәжірибелерімен және зерттеулерімен бөлісті. Өрлеудің 166 қызметкері Эстония мұғалімдерінің біліктілігін арттыру үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу процесі мен негізгі кезеңдері, сондай-ақ сыныпта оқыту тәжірибесіндегі технологиялық инновациялар туралы ақпарат алды.

Өрлеу қызметкерлері Еуропалық Одақтың COSME бағдарламасы бірлесіп қаржыландыратын Intercomp Europe компаниясы өткізген EntreCompEdu онлайн біліктілікті арттыру курсынан өтіп, кәсіпкерлік оқытуды, нақты өмірлік жағдайларда оқытуды әзірлеу және жүргізу дағдыларын жетілдірудің бірегей мүмкіндігін алды. Курс аяқталғаннан кейін қатысушылар кәсіпкерлік қызмет негіздерін іске асыруда білім, оқытудың интерактивті әдістерін, жағдаяттық талдауды, бизнес-кейстерді және жобалық оқытуды қолдана отырып, бизнес жүргізу дағдыларын игерді.

Өрлеу қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілігін дамытудың 2022 жылғы ең маңызды курстарының бірі 3 мамыр мен 15 маусым аралығында өткен «Тәжірибе арқылы оқыту» тақырыбында 70 маманды оқыту болды. 160 академиялық сағаттық тәжірибеге бағытталған оқытуды EdCrunch Academy ұйымдастырды, нәтижесінде әзірлеушілер алған білімін тәжірибе жүзінде қолданды және сарапшылардан кері байланыс ала отырып, 44 ББ және ОӘК әзірледі. Курс барысында әзірлеушілер оқытудың нақты, өлшенетін күтілетін нәтижелерін анықтау дағдыларын дамытқанын, кері дизайн қағидаты арқылы ББ әзірлеу әдістемесімен танысқанын,

тыңдаушылардың құзыреттерін пысықтау, сараланған тапсырмаларды әзірлеу, тыңдаушыларды бағалау тұрғысынан білім беру бағдарламаларын құру бойынша құзыреттіліктерін арттырғанын атап өткен жөн.

Британдық Кеңес (British Council) халықаралық ұйымымен ынтымақтастық аясында Өрлеу педагогтердің пәндік құзыреттілігін арттыру мақсатында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған пилоттық жобаны іске асырды. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерін оқыту барысында Британдық Кеңесінің Online Teacher Community онлайн платформасы пайдаланылды. Бұл жоба халықаралық болды: оқытудан Армения, Әзірбайжан, Украина, Өзбекстан және Грузия ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері өтті. Осылайша, қазақстандық мектептердің ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің тәжірибесімен оның ішінде шетелдік әріптестерімен бөлісу мүмкіндігі болды. Бағдарлама 10 апталық оқуға арналған және еңбек қызметінен қол үзбей ақысыз негізде өтті. Оқыту нәтижесінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері ағылшын тілін оқытудың тиімді заманауи әдістері мен технологияларына, инклюзивті оқыту тәсілдеріне үйренді. Жоба қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің екі мұғалімі, екі жоба модераторы және Өрлеу білім беру бағдарламалары және курстан кейінгі қолдау департаментінің директоры Халықаралық ағылшын тілі оқытушылары қауымдастығының (IATEFL) ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған 55-ші конференциясына қатысты. 2022 жылғы 17-20 мамырда өткен конференция Белфаст, Ұлыбритания, әлемнің 100-ден астам елінен ағылшын тілі пәнінің 3000 мұғалімін біріктірді және ағылшын тілін оқытудағы инновациялық тәжірибелермен, жаңа әзірлемелермен және жетістіктермен алмасуға бағытталған.

Өрлеу ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросымен ынтымақтастықта мектеп жүйесіне Тұрақты даму мақсатындағы білім беруді (бұдан әрі – ТДББ) интеграциялау жөніндегі бастамаларды белсенді қолдайды. 2022 жылғы 16 және 20 мамыр аралығында ЮНЕСКО тарапынан 2030 жылға дейін «ТДББ саласындағы педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру» ТДББ-ді іске асыру бойынша 3 Жол картасының басым саласына сәйкес Өрлеу 16 әдіскері мен оқытушысына арналған «Тұрақты даму мақсатындағы білім беру» тренингі ұйымдастырылды. Бұл іс-шара ТДББ негізгі ұғымдарын және тұрақты даму мүддесі үшін оқытуға ұсынылатын тәсілдерді ашуға, ТДББ негізгі құзыреттіліктері мен міндеттері арасында байланыс орнатуға мүмкіндік берді, ең бастысы, қатысушылар ТДББ тақырыптарын мектептің білім беру үдерісіне интеграциялау бойынша әдіскердің іс-қимыл жоспарын құра алды.

2022 жылғы 23 және 24 қарашада Өрлеу 380-ден астам қызметкері «Ақыл мен технологиялардың бірігуі» EdCrunch Reload білім берудегі жаңа технологиялар жөніндегі жаһандық конференцияға қатысты (Алматы қаласында офлайн және онлайн). Edcrunch конференциясының мақсаты - білім берудің барлық деңгейлерінде цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім беру үдерісін өзгертуге бағытталған жаңа білім беру технологиялары

мен бастамаларын ілгерілету. Әлемдік деңгейдегі спикерлер нейробиология көмегімен оқытуды қалай өзгерту керектігін және оқытудың формальды тәсілдерін жоюды, білім мен жаңа технологиялардың тоғысындағы білімді жинақтаудың, сыни ойлаудың ғылыми негіздері мен стратегияларын және басқа да мәселелерді талқылады. Өрлеу EdCrunch Reload конференциясының ресми серіктесі ретінде аталды.

Конференция қорытындысы бойынша рефлексия барысында филиал директорлары конференцияға қатысқан қызметкерлердің кері байланысын айтып, жұмыста алған тәжірибені пайдалану бойынша ұсыныстар мен алдағы жоспарларды талқылады. Әріптестер қызметкерлердің кәсіби дамуы, тәжірибе алмасу және ұлттық және халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін осындай конференцияларға қатысудың маңызын атап өтті. Филиалдар конференцияға қатысу нәтижелері бойынша білім берудегі неврология, шешендік өнер, аудиторияны меңгеру қабілеті, креативті және сыни ойлауды дамыту әдістері мен тәсілдері, оқытуда заманауи гаджет пен бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалану тақырыптары бойынша семинарлар дайындау және өткізу жоспарлады. Сондай-ақ, білім беру бағдарламаларына нейробиологиямен, нейрофизиологиямен, жаңа IT-технологиялармен байланысты тақырыптарды, педагогтердің тұлғалық дамуы бойынша тақырыптарды: эмоцияларды басқару, дизайн-ойлау, келіссөздердің тиімді стратегиялары және т.б. Әріптестер сондай-ақ кейс-сессиялар, оқытуды геймификациялауға арналған квесттер, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға арналған сараптамалық сессиялар және педагогтерді курстан кейінгі қолдау сияқты мастер-кластарын өткізудің қызықты интерактивті нысандарын атап өтті.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Жаһандық құзыреттілік» курсын жүргізу бойынша орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын іске асыруда әдістемелік консультациялық қолдау көрсету мақсатында 5-9, 10 сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» оқу курсының ерекшеліктері» атты онлайн вебинарлар сериясын ұйымдастырды. 2022 жылғы тамызда Өрлеу 196 маманына арналған қазақ және орыс тілдерінде өткізілген вебинарлар білім беру бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу кезеңінен бұрын өтті. Оқыту және консультациялар барысында қатысушыларға курс бағдарламасының әрбір бөлімі бойынша барлық маңызды аспектілер түсіндірілді және қызықтырған сұрақтарға жауаптар берілді.

2022 жылғы 20 және 21 желтоқсан аралығында Өрлеу мектепке дейінгі білім беру бойынша профессорлар мен оқытушылар құрамы серіктес — EdCrunch Academy қолдауымен «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерін кәсіби даярлаудың жаңа технологиялары» бағдарламасы бойынша оқудан өтті. Тренинг бағдарламасы екі тректен тұрды: білім беру және жобалау. Алғашқы екі семинарда оқытушылар оқытудың жаңа тәсіліне енді:

интерактивті тапсырмалар мен топтық пікірталастарда мектепке дейінгі сапалы оқытудың қандай болатыны туралы білді. Екінші трек барысында 2023 жылғы қаңтарда тыңдаушылар 3 вебинар-шеберханаға қатысып, тәрбиешілерге мектепке дейінгі балалар үшін еркін ойын үшін жағдай жасауға қалай көмектесуге болатынын білді. Қарқынды оқытудан кейін оқытушылар спикерлердің қолдауымен балабақша тәрбиешілерінің жұмысын жақсарту бойынша зерттеу жобаларын әзірлеп, ұсынуы тиіс.

ӨРЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ЖАРИЯЛАУ



Қазақстандық педагогтердің мәртебесін көтеру және оларға әдістемелік қолдау көрсету үшін Facebook (10 мың жазылушы) және Instagram (19,5 мыңнан астам жазылушы) әлеуметтік желілерінде аккаунттар жүргізілуде, сондай-ақ Telegram-да (1,5 мыңнан астам жазылушы) арна ашылды.

Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі аккаунттар екі функцияны орындайды: жарнамалау және ақпаратты қамту. Парақшада жариялау мұғалімдерге өз әлеуетін ашуға, өзін-өзі таныстыру дағдыларын жақсартуға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Түсірілімге қатысу арқылы қазақстандық тәрбиешілер, Өрлеу мұғалімдері мен оқытушылары өз пікірлерін білдіріп, жетістіктерін көрсетіп, жинақталған білімі мен тәжірибесімен бөлісе алады.

Өрлеу барлық маңызды іс-шаралар туралы фото және бейне материалдар түрінде ақпарат береді. Өрлеу Facebook және Instagram парақшаларында жазылушылар жаңа курстардың, конкурстардың, форумдардың басталуы туралы біледі. Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми аккаунтта түрлі бағыттар бойынша филиал оқытушыларының қатысуымен тікелей эфирлер өткізіледі. Эфир тақырыбын Telegram ORLEU-HELP арнасындағы сауалнамада дауыс беру арқылы мұғалімдердің өздері анықтайды. 2022 жылғы қыркүйектен бастап тікелей эфир қонақтарына Өрлеу серіктестері қосылды: өңірлік психологиялық қолдау және қосымша білім беру орталығымен, BilimLand және ТМД Атқарушы комитетінің гуманитарлық ынтымақтастық, жалпы саяси және әлеуметтік мәселелер департаментімен трансляциялар өткізілді.

Филиалдардың басшылары мен қызметкерлері халықаралық және облыстық баспа басылымдарында мақалалар жариялайды. Сондай-ақ, олар өздерінің газеттері мен журналдарын шығарады, 2022 жылы электронды нұсқаларға баса назар аударады, өйткені оларда мәтіндік және визуалды мазмұн ұсынылады. Жарияланымдардың сипаты — ақпараттық және әдістемелік.

Өрлеу PR-қызметі 2022 жылғы тамыз және қараша аралығында ұзартылған пәндік курстарды ілгерілету, Қазақстанның 5 қаласында (Астана, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен және Көкшетау) тамыз конференциясына, Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығы елдерінің мұғалімдері мен білім беру саласы қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігінің II Халықаралық фестиваліне ақпараттық қолдау көрсету бойынша науқан өткізді. «Педагог» жаңа кәсіби стандартын және Өрлеу сарапшыларының Edcrunch Reload білім берудегі жаңа технологиялар жөніндегі халықаралық конференцияға қатысуын жария талқылаудың PR-науқаны ұйымдастырылды.

Екінші жартыжылдықтың маңызды оқиғаларының бірі мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдары үшін «Педагогикалық идеялар панорамасы» жыл сайынғы республикалық бейнесабақтар мен бейнеәдістер конкурсының финалын өткізу болып табылады. Конкурс педагогтерге арналған кәсіби шеберлік конкурстарының тізіміне енгізілген. Бұл конкурстың негізгі мақсаты – цифрлық білім беру кеңістігінің көмегімен заманауи педагогикалық тәжірибе мен үздік педагогикалық идеялар мен тәжірибелерді жалпылау және танымал ету. Педагогтерді шығармашылықпен іске асыру және конкурсқа қатысуға ынталандыруды арттыру үшін pri.orleu-edu.kz платформасы құрылды. Сайтта педагогтер қатысу шарттарымен, конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптармен, өткен жылдардағы үздік бейне сабақтармен танысып, қатысуға өтінім бере алды.

2022 жылғы 1 наурыздан бастап педагогтер өңірлік кезең шеңберінде конкурста 4 948 жұмысты тіркеді, оның ішінде 282 жұмыс бірінші орынға ие болып, республикалық кезеңге өтті. Өңірлік кезең жеңімпаздарының жұмыстары Өрлеу Youtube арнасында жарияланды, олардың жалпы саны 69 мыңнан астам адамды құрайды. Байқауға қатысушылардың әзірлемелері әрбір қазақстандыққа қолжетімді болды. Конкурс финалы 2022 жылғы желтоқсанда 22 номинация бойынша республикалық кезеңнің үздік жұмыстарын марапаттау болды. Республикалық кезеңнің жеңімпаздары мен лауреаттарына біліктілік беруге аттестаттаудан өту кезінде ескерілетін дипломдар табыс етілді.

ӨРЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ



2022 жылы IT тобы оқытуды басқарудың өзіндік жүйесін (LMS) <https://lms.orleu-online.kz/> әзірледі, ол оқу процесін жоспарлау және басқару үшін қажетті бағдарламалық шешім. Автоматтандырылған онлайн жүйе оқытудың егжей-тегжейлі талдауын жасауға, жеке тыңдаушының да, филиал көрсеткіштерінің де үлгерімін тіркеуге, білім беру бағдарламаларын түзетуге және жалпы оқытуды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Жүйе, сондай-ақ, Lesson Study технологиясын педагогтердің курстан кейінгі қолдауына енгізу жобасы үшін іске асырылатын виртуалды педагогикалық қауымдастықтардың алаңына айналады. LMS-те мұғалімдерді автоматты

түрде алаңына айналады. LMS-те мұғалімдерді автоматты түрде тіркеу үшін өз бетінше тіркелу қызметі орнатылған. Custom Certificate қызметі курс тыңдаушыларына бірегей QR кодымен электрондық PDF сертификаттарын алу мүмкіндігін ұсынады. Сонымен бірге, Өрлеу педагогтерінің бірыңғай дерекқорымен LMS интеграциясы жүзеге асырылды.

Негізгі қызметті цифрландыру шеңберінде Өрлеу педагогтерінің бірыңғай дерекқорының кез келген ұйымдармен болашақ интеграциясы үшін интеграциялық өзара іс-қимыл сервисі конфигурацияланды.

Өрлеу білім беру бағдарламаларын, цифрлық білім беру ресурстарын, ОӘК, әдістемелік қызметті реттейтін құжаттарды, сондай-ақ курсаралық іс-шаралар мен курстан кейінгі қолдау жөніндегі мәліметтерді қамтитын <http://method.orleu-edu.kz> әдістемелік дерекқорын құрды. Әдістемелік қор білім беру бағдарламаларының, ОӘК, авторлық куәліктер мен авторлық шарттар бойынша деректердің, профессорлар мен оқытушылар құрамы, Өрлеу филиалдарының оқу бөлімінің мамандары, сонымен бірге орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне Өрлеу әдістемелік қызметі бойынша басқа да пайдалы материалдардың бірыңғай қорына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, педагогтер үшін санаттар бойынша ресурстар тізілімін, сондай-ақ кітапханашылар мен Өрлеу әзірлеген цифрлық білім беру ресурстарына арналған бөлімдерді қамтитын <https://library.orleu-edu.kz> электрондық кітапханасы құрылды. Электрондық кітапханада мерзімді, әдістемелік басылымдар, библиографиялық студия және басқа да пайдалы ақпараттық ресурстар бар. Электрондық кітапханамен әрі қарай жұмыс істеу ресурстарды каталогтауды және интерфейсті жақсартуды қамтиды

2022 жылы Өрлеу қызметтерін пайдалану ыңғайлылығы үшін <https://orleu-edu.kz/> жаңа сайты әзірленді. Енді мұғалімдерге білім деңгейлері, тіл және тақырып бойынша ұсынылатын курстар туралы ақпарат, курстан кейінгі іс-шаралар күнтізбесі және басқа оқиғалар туралы хабарландырулар қолжетімді болды. Оған қоса, сайтта «Өрлеу Trainer» сервисі жұмыс істейді, онда кез келген педагог Өрлеу оқытушысынан бейне қоңырау арқылы хабарласып, кеңес алу мүмкіндігі бар.

ДАМУ КӨРІНІСІ



2022 жылы орталық Қазақстан педагогтерінің кәсіби қызметін қолдау және дамыту үшін жүйелі жұмыс жүргізді. Педагогтердің біліктілігін арттыру саласындағы негізгі ұйым бола отырып, Өрлеу өзінің шығармашылық әлеуетін ашуға, педагогикалық шеберлігін, сондай-ақ еңбек қызметінде іске асырылатын білім, қабілеттер мен дағдыларды арттыруға жәрдемдесу міндетін қояды.

Өрлеудің алдағы жоспарлары өз қызметін цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыру болып табылады. Бұл бағыттағы негізгі міндеттердің бірі Ұлттық білім беру дерекқорымен, Ұлттық тестілеу орталығымен, Күнделік және біліктілікті арттыру ұйымдарының дерекқорымен

интеграцияланған қазақстандық педагогтердің дерекқорын құру болып табылады. Бұл мұғалімдердің кәсіби дамуы туралы ақпаратты жүйелеуді және олардың біліктілігін арттыру қажеттіліктерін анықтауды және дәлелді негізде курстардың кезеңділігін ақылға қонымды жоспарлауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қорда мұғалімнің қажетті білім мен дағдыларды игерудегі нәтижелерін бақылау мүмкіндігі болуы үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерінің циклограммасы ұсынылады.

Өрлеу ПОҚ-ының біліктілігі мен шеберлігінің деңгейін арттыру, сондай-ақ командаға жоғары дәрежелі мамандарды тарту тағы бір басым міндет болып табылады. Осыған байланысты ұйымның штаттық және штаттан тыс оқытушыларды тарту саясаты әзірленуде.

Көрсетілетін қызметтерді кеңейту шеңберінде Өрлеу Қазақстан педагогтерін кәсіби дамытудың жаңа бағыттарымен жұмыс істеп келеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері (оның ішінде тар бейінді мамандар), техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі) білім беру ұйымдарының жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары, сондай-ақ әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) қызметкерлері үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу жоспарлануда.

Сонымен бірге, білім беру бағдарламалары мен ОӘК мазмұнын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, 2023 жылы оқу мақсаттарын нәтижелермен сындарлы үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жаңартылған «Педагог» кәсіби стандартына енгізілген қағидаттарды білім беру бағдарламаларына енгізу аса маңызды болып табылады. Сондай-ақ, тыңдаушыларды оқыту нәтижелерін бағалау жүйесі мәселесіне де назар аударылады.

Орта білім беру саласында Өрлеу үшін халықаралық тәжірибеде, оның ішінде педагогтердің кәсіби дамуына кеңінен қолданылатын жалпы мектептік тәсіл (whole-school approach) ерекше қызығушылық тудырады. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының өз кадрларын кәсіби дамытудағы қажеттіліктерін атаулы диагностикалау бойынша өңірлік сарапшылар ретінде әрекет ететін филиалдар директорларына көшбасшылық рөл жүктелген.

Қысқа мерзімді курстарда орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (кәсіби құзыреттер), 2022 жыл

№	Оқыту бағыттары	Есепті кезеңде өткізілген <u>курстардың саны</u>	соның ішінде өткізілді:				БА қысқа мерзімді курстарынан өткен <u>тыңдаушылар саны</u>	соның ішінде оқытылды:					
			қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу түрінде		қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу түрінде	қала	ауыл
1	Орта білім беру ұйымдарының басшыларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	45	37	8	0	45	1125	923	202	0	1125	432	693
2	Орта білім беру ұйымдары басшысының орынбасарларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	40	33	7	0	40	975	805	170	0	975	369	606
3	Әлеуметтік тәрбиешілерге арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	24	18	6	0	24	600	450	150	0	600	272	328
4	ШЖМ интеграцияланған пәндері бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	38	32	6	0	38	950	800	150	0	950	46	904
5	PISA бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	110	87	23	0	110	2845	2255	590	0	2845	1203	1642
6	«Өлкетану» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	13	12	1	0	13	325	300	25	0	325	181	144
7	Мектеп кітапханашыларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	21	17	4	0	21	525	425	100	0	525	262	263

8	Рухани жаңғыру бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	12	10	2	0	12	300	250	50	0	300	133	167
9	БӨТД оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	18	14	4	0	18	450	350	100	0	450	171	279
10	«Музыка» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	18	15	3	0	18	450	375	75	0	450	185	265
11	«Көркем еңбек» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	18	14	4	0	18	450	350	100	0	450	239	211
12	«Математика» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	37	29	8	0	37	925	725	200	0	925	478	447
13	«Информатика» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	36	28	8	0	36	900	700	200	0	900	384	516
14	«Физика» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	26	22	4	0	26	650	553	97	0	650	290	360
15	«Химия» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	20	15	5	0	20	500	375	125	0	500	225	275
16	«Биология» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	38	30	8	0	38	950	745	205	0	950	351	599
17	«География» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	31	28	3	0	31	775	725	50	0	775	308	467
18	«Тарих» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	50	42	8	0	50	1250	1050	200	0	1250	528	722
19	«Бастауыш сыныптар» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	150	120	30	0	150	3797	2935	862	0	3797	1498	2299

20	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	95	95	0	0	95	2401	2401	0	0	2401	873	1528
21	«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	26	26	0	0	26	659	659	0	0	659	376	283
22	«Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	17	0	17	0	17	423	75	348	0	423	261	162
23	«Орыс тілі және әдебиеті» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	59	0	56	3	59	1481	0	1406	75	1481	610	871
24	«Ағылшын тілі» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	52	0	0	52	52	1315	0	0	1315	1315	575	740
25	«Білім беру робототехникасы және электрондық құрылғыларды жобалау» бағдарламасы бойынша информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған 72 сағаттық қысқа мерзімді курстар	10	8	2	0	10	250	200	50	0	250	145	105
26	«Робототехника, заттар интернетінің негіздері (IoT), 3D модельдеу және басып шығару» бағдарламасы бойынша орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған 72 сағаттық қысқа мерзімді курстар	10	9	1	0	10	250	225	25	0	250	85	165
БАРЛЫҒЫ:		1014	741	218	55	1014	25521	18651	5480	1390	25521	10480	15041

Қысқа мерзімді курстарда орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (пәндік құзыреттер), 2022 жыл

№	Оқыту бағыттары	Есепті кезеңде өткізілген <u>курстардың саны</u>	соның ішінде өткізілді:							БА қысқа мерзімді курстарынан өткен <u>тыңдаушылар саны</u>	соның ішінде оқытылды:								
			қазақ тілінде	орыс тілінде	ұйғыр тілінде	өзбек тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу нысанында	онлайн оқыту нысанында		қазақ тілінде	орыс тілінде	ұйғыр тілінде	өзбек тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу нысанында	онлайн оқыту нысанында	қала	ауыл
1	Орта білім беру ұйымдарының басшыларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	45	33	12	0	0	0	45	0	1160	861	299	0	0	0	1160	0	451	709
	Орта білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	20	20	0	0	0	0	20	0	500	500	0	0	0	0	500	0	201	299
2	«БӨТД» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	16	13	3	0	0	0	16	0	400	350	50	0	0	0	400	0	144	256
3	«Музыка» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	21	18	3	0	0	0	21	0	535	460	75	0	0	0	535	0	225	310
4	«Көркем еңбек» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	27	23	4	0	0	0	27	0	675	575	100	0	0	0	675	0	371	304

5	«Математика» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	167	133	34	0	0	0	167	0	4500	3586	914	0	0	0	4500	0	1844	2656
6	«Информатика» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	104	86	18	0	0	0	104	0	2825	2354	471	0	0	0	2825	0	1184	1641
7	«Физика/Жаратылыстану» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	57	49	8	0	0	0	57	0	1475	1283	192	0	0	0	1475	0	607	868
8	«Химия/Жаратылыстану» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	33	27	6	0	0	0	33	0	850	702	148	0	0	0	850	0	272	578
9	«Биология/Жаратылыстану» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	48	42	6	0	0	0	48	0	1225	1079	146	0	0	0	1225	0	444	781
10	«География/Жаратылыстану» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	60	45	15	0	0	0	60	0	1521	1179	342	0	0	0	1521	0	574	947
11	«Тарих» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	167	138	29	0	0	0	167	0	4500	3744	756	0	0	0	4500	0	1604	2896

12	«Бастауыш сыныптар» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	204	165	39	0	0	0	204	0	5575	4565	1010	0	0	0	5575	0	1864	3711
13	«Қазақ тілі» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	197	197	0	0	0	0	197	0	5450	5450	0	0	0	0	5450	0	2056	3394
14	«Орыс тілі» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	115	4	111	0	0	0	115	0	3175	0	3175	0	0	0	3175	0	1001	2174
15	«Ағылшын тілі» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	269	0	0	0	0	269	269	0	7400	0	0	0	0	7400	7400	0	3370	4030
16	«Ана тілі (ұйғыр, өзбек тілі)» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	3	0	0	1	2	0	3	0	75	0	0	25	50	0	75	0	25	50
17	Тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	41	32	9	0	0	0	41	0	1025	795	230	0	0	0	1025	0	462	563

18	Арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптарының мұғалімдеріне арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	8	6	2	0	0	0	8	0	200	150	50	0	0	0	200	0	102	98
19	Әлеуметтік тәрбиешілерге арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	14	12	2	0	0	0	14	0	350	300	50	0	0	0	350	0	187	163
20	PISA бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	10	7	3	0	0	0	10	0	256	181	75	0	0	0	256	0	164	92
21	Директорлардың тәрбие работе жөніндегі орынбасарларына, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар (Өлкетану)	8	6	2	0	0	0	8	0	200	150	50	0	0	0	200	0	75	125

22	Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының арнайы педагогтеріне арналған 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	4	3	1	0	0	0	4	0	100	75	25	0	0	0	100	0	99	1
23	«Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша 80 сағаттық қысқа мерзімді курстар	163	120	43	0	0	0	0	163	4338	3228	1110	0	0	0	0	4338	1970	2368
24	Орта білім беру ұйымдарының жаратылыстану - математикалық цикл мұғалімдеріне арналған 72 сағаттық қысқа мерзімді курстар (Робототехника)	7	6	1	0	0	0	7	0	175	150	25	0	0	0	175	0	66	109
25	Орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған 72 сағаттық қысқа мерзімді курстар (3D модельдеу)	8	6	2	0	0	0	8	0	200	150	50	0	0	0	200	0	97	103
БАРЛЫҒЫ:		1816	1191	353	1	2	269	1653	163	48685	31867	9343	25	50	7400	44347	4338	19459	29226

Қысқа мерзімді курстарда мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары басшыларының (меңгерушілерінің), әдіскерлерінің, мектепалды сынып тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер, 2022 жыл

№	Оқыту бағыттары	Есепті кезеңде өткізілген <u>курстардың саны</u>	соның ішінде өткізілді:				БА қысқа мерзімді курстарынан өткен <u>тыңдаушылар саны</u>	соның ішінде оқытылды:					
			қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу нысанында		қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	күндізгі оқу нысанында	қала	ауыл
1	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АКТ-технологияларды қолдану бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, мектепалды сыныптарының тәрбиешілеріне арналған 72 сағаттық курстар	24	19	5	0	24	600	475	125	0	600	290	310
2	«Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған 72 сағаттық курстар	267	223	44	0	267	7000	5829	1171	0	7000	3842	3158
БАРЛЫҒЫ:		291	242	49	0	291	7600	6304	1296	0	7600	4132	3468

Қысқа мерзімді курстарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және орта білім берудің жеке ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер, 2022 жыл

№	Курстың атауы	Тыңдаушылар саны	Сағат саны	Курстың басталуы	Курстың аяқталуы	Филиал
1	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау	25	72	31.01.2022	10.02.2022	Қарағанды облысы
2	Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесін жетілдіру үшін басқарудың инновациялық тәжірибелері	25	72	08.02.2022	18.02.2022	БЖБАРИ
3	Ағылшын тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	30	80	21.02.2022	06.03.2022	Жамбыл облысы
4	Мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістіктік даму ортасын оның сапасын бағалау негізінде жобалау	17	72	28.02.2022	11.03.2022	Қарағанды облысы
5	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау	26	72	28.02.2022	11.03.2022	Қарағанды облысы
6	Ағылшын тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	28.02.2022	12.03.2022	Ақмола облысы
7	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	28	80	28.02.2022	12.03.2022	Алматы облысы
8	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	17	80	14.03.2022	27.03.2022	Ақмола облысы

9	Математика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	16	80	14.03.2022	26.03.2022	Ақмола облысы
10	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	16	80	14.03.2022	26.03.2022	Алматы облысы
11	Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру	25	80	14.03.2022	19.03.2022	Алматы облысы
12	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	35	80	28.03.2022	08.04.2022	Павлодар облысы
13	Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	29.03.2022	12.04.2022	Алматы облысы
14	МДҰ-дағы педагог-психолог: кәсіби қызметтің мазмұны мен әдістері	15	72	15.04.2022	29.04.2022	Павлодар облысы
15	Ағылшын тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	18.04.2022	22.04.2022	Алматы облысы
16	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	25	80	18.04.2022	30.04.2022	Солтүстік Қазақстан облысы
17	Информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	10	80	25.04.2022	06.05.2022	Қарағанды облысы
18	Химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	10	80	25.04.2022	06.05.2022	Солтүстік Қазақстан облысы
19	Жастар ортасында терроризм мен экстремизмнің алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	18	80	11.05.2022	21.05.2022	Қарағанды облысы
20	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кенестік дамытушы ортасын жобалау	26	72	06.06.2022	17.06.2022	Қарағанды облысы

21	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кенестік дамытушы ортасын жобалау	26	72	13.06.2022	24.06.2022	Қарағанды облысы
22	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	25	80	13.06.2022	24.06.2022	Павлодар облысы
23	Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру	25	80	13.06.2022	24.06.2022	Солтүстік Қазақстан облысы
24	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	40	80	15.08.2022	26.08.2022	Павлодар облысы
25	Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін арттыру	25	80	15.08.2022	26.08.2022	Ақмола облысы
26	Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	15.08.2022	26.08.2022	Ақмола облысы
27	Мектепке дейінгі ұйым педагогының ойын құзыреттілігін дамыту	29	72	22.08.2022	02.09.2022	Павлодар облысы
28	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін арттыру	26	72	12.09.2022	26.09.2022	Қарағанды облысы
29	Ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	31	80	31.08.2022	09.09.2022	Павлодар облысы
30	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін арттыру	25	72	12.09.2022	26.09.2022	Қарағанды облысы
31	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	26	80	03.10.2022	14.10.2022	Солтүстік Қазақстан облысы
32	География мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	03.10.2022	14.10.2022	Солтүстік Қазақстан облысы

33	«Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру процесін жобалау және іске асыру	21	80	03.10.2022	14.10.2022	Солтүстік Қазақстан облысы
34	Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру	33	80	03.10.2022	14.10.2022	Павлодар облысы
35	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	33	80	17.10.2022	28.10.2022	Павлодар облысы
36	Бастауыш мектептің оқу жоспарының күрделі тақырыптарын зерттеу	28	80	31.10.2022	11.11.2022	Павлодар облысы
37	Ағылшын тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	25	80	14.11.2022	25.11.2022	Алматы облысы
38	Ағылшын тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	37	80	14.11.2022	25.11.2022	Павлодар облысы
Барлығы / барлық педагогтер		944				

Бітіруші курс студенттеріне арналған «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық практикадан өтуге дайындық» бағдарламасы бойынша өткізілген семинарлар бойынша ақпарат

№	ЖОО атауы	Тыңдаушылар саны	Өткізу кезеңі
1	«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ	1950	24.01 – 27.01.2022
2	Тараз инновациялық институты	186	07.02 – 18.02.2022
3	Орталық Азия инновациялық Университеті	393	21.02 – 04.03.2022
4	Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	101	01.03 – 15.03.2022
5	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	455	28.03 – 8.04.2022
6	«Bolashaq» Академиясы	26	28.03 – 8.04.2022
БАРЛЫҒЫ:		3111	

Пәндер мен аймақтар бойынша педагогтердің білімін арттыру туралы ақпарат
(пәндік курс тыңдаушыларының диагностикалық және қорытынды тест нәтижелерін салыстыру негізінде)

АЙМАҚ/ПӘН	Ағылшын тілі	Биология	География	Жаратылыстану	Информатика	Тарих	Қазақ тілі T1	Қазақ тілі T2	Математика	Бастауыш мектеп	Орыс тілі T1	Орыс тілі T2	Физика	Химия	БАРЛЫҒЫ
Түркістан обл. және Шымкент қ.	23%	29%	24%		45%	40%	46%	27%	32%	25%	11%	31%	33%	30%	32%
Батыс-Қазақстан обл.	27%	31%	27%	30%	49%	20%	40%		24%	23%		28%	33%	15%	28%
Қостанай обл.	32%	44%			24%	13%	38%	36%	29%	19%			16%	7%	28%
Қызылорда обл.	27%	30%	8%		41%	29%	39%	14%	34%	21%		13%	37%	30%	27%
Ақмола обл.	23%	29%	35%		38%	22%	36%	25%	25%	22%	22%	25%	29%	41%	27%
Жамбыл обл.	22%	36%	33%		42%	28%	33%	28%	20%	18%		34%	39%	16%	27%
Алматы обл. және Жетісу обл.	23%	26%	23%		46%	14%	28%		31%	20%		32%	41%	24%	26%
Қарағанды обл. және Ұлытау обл.	23%	33%	33%		38%	29%	32%	20%	32%	16%	14%	11%	21%	16%	26%
Солтүстік-Қазақстан обл.	25%	31%	13%		42%	23%	43%	14%	29%	14%	26%		44%		26%
Павлодар обл.	20%	27%	16%		34%	26%	20%	12%	34%	18%	6%	13%	39%	53%	24%
Ақтөбе обл.	19%	31%	34%	32%	12%	30%	32%		23%	20%	18%	21%	27%	9%	23%
Маңғыстау обл.	23%	41%	10%	40%	26%	25%	28%		26%	14%		23%	44%	8%	23%
Астана қ.	16%	6%	36%		29%	9%	36%	33%	26%	16%		17%	28%	10%	20%
Алматы қ.	15%	26%	19%		28%	18%	34%	8%	11%	14%		40%	21%	9%	19%
Атырау обл.	20%	30%	12%		24%	14%	17%	3%	14%	18%		7%	32%	7%	18%
Шығыс-Қазақстан обл. және Абай обл.	13%	10%	11%		32%	18%	27%	5%	18%	14%	6%	10%	36%	12%	17%
БАРЛЫҒЫ	22%	29%	22%	33%	38%	25%	34%	19%	26%	20%	16%	26%	34%	22%	26%